

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 наурыздағы N 198 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сырдария" бассейндік су шаруашылығы бірлестігі сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы мемлекетаралық су шаруашылығы объектілерін бірлесіп ұстау жөніндегі жұмыстарды беруші мен қызметтерді көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу т у р а л ы ш а р т ж а с а с у д ы ;

жасалатын шартты 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 034 "Су берумен байланысы жоқ республикалық су шаруашылығы объектілерін пайдалану" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде қаржыландыруды;

осы қаулыға сәйкес қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды; осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*